

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ
ШЫҒЫС ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ АУДАРМА КАФЕДРАСЫ



Бекітемін
Филология және көптілді білім беру
институтының директоры
Б.Әбдіғазизұлы
2018 ж.

«6М020700 - Аударма ісі» мамандығы бойынша
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
01қыркүйек 2013 жылы ендірілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 сәуір
2012 жылғы № 1080 Қаулысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан
Республикасы Үкіметінің Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 13
мамыр 2016 жылғы № 292 Қаулысымен бекітілген «Сәйкесті білім деңгейлерінде білім
берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 23 сәуір 2012
жылғы № 1080 Қаулысы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109
қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге
асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі;

ҚР БЖҒМ 201 ж. _____ «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № бұйрығымен
бекітілген «6M020700 - Аударма ісі» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде
даярланды.

Құрастырушы: фил.ғ.д., профессор А.Қ. Жұмабекова

Шығыс тілдері және аударма кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: №
___ хаттама, «___» _____ 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:

_____ К.И. Мирзоев

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Филология және көптілді білім беру
институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № ___ хаттама, «___» _____ 2018 ж.

**Мамандық 6М020700 - «Аударма ісі»
Қабылдау емтиханға дайындалу үшін
БАҒДАРЛАМА**

Бұл бағдарлама бакалавриаттың кәсіби пәндердің міндетті компонентіне жататын «Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері» пәнінің типтік бағдарламасы, сондай-ақ «Аударма теориясы», «Аударма тарихы» пәндердің бағдарламасы негізінде жасалды.

Сұрақтар бағдарламаның негізгі мазмұнын және абитуриенттің арнайы ғылыми дайындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Қабылдау емтихан аударма туралы ғылымның қазіргі заманғы хал-ахуалын; аударманың әр алуан түрлерінің ерекшеліктерін; аударма трансформациялары мен сәйкестіктерінің негізгі типтері мен түрлерін меңгеру деңгейін тексеруді мақсат етеді.

Бағдарламаның негізінде емтихан билеттері құрастырылды. Олар аударма теориясынан сұрақтарды, сондай-ақ жазбаша аударма бойынша практикалық тапсырманы қамтиды.

Бағдарламаның мазмұны

«Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері»

«Аударылымдылық теориясының» негізі ретіндегі тілдік және мәдени-тарихи алшақтықтар. «Аударылмайтындық теориясының» негізгі қағидалары.. Аударуға келмеушіліктің негізгі ұстанымы және оны жақтаушылар (В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер, А.А.Потебня, Э.Сепир, Б.Л.Уорф және т.б.). Абсолютті аударымдылық ұстанымы (Декарт, Лейбниц, Ж.Мунен, Н.Хомский және т.б.). Негізгі ережелер. Аударымдылық ұстанымының қалыптасқан жақтаушылары (А.М.Финкель, А.В.Федоров және т.б.). Бейімдендірілген транскодтау тілдік дәнекерліктің түрі ретінде. Басқа да тілдік дәнекерліктің түрлері:қысқартылған аударма, бейімделген аударма,андатпа, реферат, резюме. Бейімдік транскодтау түсінігі.Оның түрлері және қолдану себептері. «Аударма», «мәдениет», «тіл» анықтамалары. Аударманың мәдениетаралық қарым-қатынас ретіндегі түсінігі. Аудармашылық іс-әрекет көрінісі. Аударманың қабылдаушы (рецептор) ұғымы, анықтамасы. Аударма стратегиясының аудиторияға тәуелділігі. Аудармашылық қызметіне түсінік.Мәдениетаралық коммуникация түсінігі. Мәдени айырмашылықтар, реалий және оның аударылу мәселелері. Аудармашының көзқарасы тұрғысынан ішкі көрінісі (кәсіби мақтанышы, сенімділік, рахаттану, мамандықтың беделін нығайту). Тапсырыс берушінің көзқарасындағы аудармашы мамандығының сыртқы көрінісі (аударма және аудармашының сенімділігі, ымыралар). Аудармашының моралдық ұстанымдары.Кәсіби тәртіп нормалары. Кәсіби жарамдылық нормалары. Халықаралық келіссөздердегі аудармашының сөйлеу техникасы мен мәдениеті.Вербалды және бейвербалды мәдениетаралық қарым-қатынастағы аудармашының білімі. Аудармашы тұлғасының лингвистикалық, психологиялық және зияткерлік (интеллектуалды) мінездемесі. Аудармашы мәртебесін анықтайтын параметрлері. Э.Пимнің теориясы және оның ізбасарлары. Тезаурустың (сөздіктің) жинақталуы. Терминологиялық база (гlossарий). Билингвалды тұлға және тіларалық, мәдениетаралық қарым-қатынас делдалы ретіндегі аудармашының тілдік тұлғасының ерекшеліктері. Тілдік тұлға моделінің деңгейлерін анықтау (екі ассоциативті-вербалды жүйе, тезаурус және прагматикон). Аударма түпнұсқа авторының, аудармашының және аударманы қабылдаушының тілдік тұлғаларының өзара әрекеті ретінде. Іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктері. Іскерлік серіктестер тарапынан аудармашыға қойылатын кәсіби білімділік талаптары. Құзыреттілік және субқұзыреттілік аудармашылық іс-әрекеттің негізгі орындалуы ретінде. Европалық және ұлттық білім беру жүйесіндегі аудармашы құзыреттілігі. Аудармашылардың Халықаралық ұйымдары, аударма одақтары, әлемнің түрлі елдеріндегі бірлестіктер мен қоғамдар, кәсіби басылымдар.

Аудармашылық іс-әрекеттің стандартталуы.Қазақстандағы және шет елдегі аудармашылардың нормативтік құжаттары.Аудармашының кәсіби міндеттері.Аудармашылық келісімдер (келісім-шарт). Аудармашылар сертификаттары.Аудармашы мәртебесі мен біліктілігі.Аудармадағы авторлық құқық. Аудармашыларды даярлау ерекшелігі. Болашақ аудармашылардың психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру. Аударма компаниялары ұсынған негізгі және қосымша қызметтер.Аударма бойынша бизнес-құрылымдардың ұйымдастыру. Аудармашының лауазымына жұмысқа орналасу. Аудармашы сұхбат алушы. Тапсырыс алу. Дайындық, жоспарлау және тапсырыспен жұмысты ұйымдастыру.Тапсырыс берушімен келісімге жету. Мәтінді жоспарлау және аудармаға дайындау. Аударманы тапсыру. Онлайн-аудармашылардың артықшылықтары мен кемшіліктері.Автоматты аударма бағдарламасы мен электрондық сөздіктер пайдалануының нақты мысалдары. Аралас аударма түсінігі. Машиналық аударманың кемшіліктерін жоюдағы аудармашының міндеттері. Автоматты аударма жүйелері: баспа және қол жұмысының көлемін азайту арқылы, жалпы аудару циклы және редакциялау жылдамдығын арттыру; ұжымдық жұмыс жасауда терминология мен стиль бірізділігін қамтамасыз ету; аударма жобасының жалпы бағасын төмендету.

«Аударма теориясы»

Аударма – іс-әрекет, процесс және нәтиже ретінде. Аудармашылық қызметтің адамзат тарихындағы орны. Көрнекті Отандық және шетел мәдениетінің өкілдерінің аудармашылық қызметі. Аударманың іс- әрекет ретінде зерттеудегі танымдық көзқарас. Аудармашылық қызметтің объективті және субъективті жақтары. Аудармашылық институттардың құрылуы.Машиналық аударманың пайда болуы. Аударманың жалпы, жеке, арнайы теориялары. Лингвистикалық аударматанудың мақсаты және міндеттері.Әдебиеттанулық аударматанудың мақсаты және міндеттері. Аударма тарихының мақсат- міндеттері.Аударма практикасы мен теориясына байланысты ғалымдардың еңбектеріндегі негізгі хронологиялық даму көрсеткіштері. Үш негізгі аудармашылық аймақтар: европалық, Таяу Шығыс және Қиыр Шығыс және олардың діни мәтіндер. Аудармашылық қызметтің тарихи эволюциясы.Аударманың дамуы және пайда болу ерекшеліктері. Еркін аударма және «безендірушілік» аударма. Аударма» ұғымының анықтамасы. «Аударма теориясының» жалпы білім беру, лингвистикалық және қолданбалы тұрғыдағы мәні. Ішкі және сыртқы лингвистиканың әдіс тәсілдері. Салғастырмалы әдіс – аудармашылық зерттеудің негізгі әдісі ретінде. Тіл біліміне құрылымдық көзқарас. Аударылымдылық және аударуға келмеушілік теориясы. Бастапқы және аударма тілі анықтамасы. Аударманың салыстырмалы талдауы. Аударма процесінің кезеңдері:аударма түпнұсқасы және аударма варианттарын таңдау түсінігі.Аударма процесі түпнұсқа мәтінінің аударма мәтініне түрленуі. Аударманың психологиялық негіздерін анықтау оның мәнін , табиғатын ұғыну үшін қажетті шарттары (назар аудару, қабылдау, ықтималдық болжау, есте сақтау, ойлау). Аударма моделі арқылы аударма үдерісін сипаттау. «Аударма моделі» түсінігі. Семантикалық-семиотикалық (Л.С.Бархударов) функционалды-прагматикалық (А.Д.Швейцер)үлгілері. Аударманың әлеуметтік мәні. О.Каде теориясы және оның ізбасарлары. Аударма әлеуметтік әлемнің көрінісі ретінде; аударма әлеуметтік детерминирленген коммуникативті әрекет ретінде ; аударманың әлеуметтік нормасы. Аударманың семантикалық-трансформациялық моделі (Н.Хомский), оның артықшылықтары және кемшіліктері. Аударматанудағы коммуникативті тәсілдің мәні және міндеттері. Ауызша және жазбаша аудармадағы сөйлеу әрекетінің когнитивті ерекшеліктері (оқу, жазу,сөйлеу, тыңдау). Аударманың жалпы лингвистикалық теориясы анықтамасы, оның мақсат-міндеттері. Аударматанудағы Я.И. Рецкердің заңды сәйкестіктер теориясының маңызы. Я.И. Рецкердің «О закономерных соответствиях при переводе на родной язык» мақаласының маңызы. Баламалылықтың түрлері мен деңгейлері (В.Н. Комиссаров

бойынша). Баламалылық деңгейлерін анықтайтын факторлар. Аударматанушы ғалымдардың еңбектеріндегі «Аударманың баламалылығы» термині. Аударманың баламалық нормасының талаптары. «Адекватты аударма» және «балама аударма» анықтамалары. Осы ұғымдардың аударматанушы ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеулері. «Скопос» теориясының негізін қалаушылар, оның аудармадағы мәні мен мағынасы. Аударма сынының анықтамасы. Аударма сынының әдеби сыннан айырмашылығы. Аударма сапасын бағалау. Аударматанушылардың еңбектеріндегі аударма сыны мәселелері. Нормативтік талаптар және оның аударма сапасын бағалаудағы рөлі. Аударма сапасын бағалаудағы шартты критерийлері. Аудармадағы қателерді жіктеу (формалды, мағыналық т.б.) Аударманы бағалау әдістерін, жүйесін құру жеке аударма теориясының міндеті ретінде. Аударма стратегиясы түсінігі және түрлері. Аударма үдерісінің аударма мәтінінің түріне тәуелділігі. Аударма үдерісін сипаттайтын негізгі қағидалары. Аударма үдерісі түсінігі және оның кезеңдері. Аударма моделі түсінігі. Прагматикалық әлеуеті көрсету. Аударманың прагматикалық бейімделуінің принциптері мен әдістері. Аударманың прагматикалық құндылығы түсінігі. Аударманы бағалауға әсер ететін факторлар. Прагматикалық бағытында аударма түрлері: практикалық аударма, оқу барысындағы аударма, эксперименттік аударма, эталондық аударма. Аударма бірлігі және оның негізгі аспектілері. Екі тіл бірлігі арасындағы семантикалық сәйкестіктер. Аудармашылық сәйкестіктер; аудармашылық сәйкестіктерді жіктеу принциптері. Оказаионалдық сәйкестіктер; окказионалдық сәйкестіктер түрлері. Контекстегі сөздің мағынасын анықтау; контекст түрлері. Түпнұсқа мен аудармадағы грамматикалық айырмашылықтары. «Грамматикалық сәйкестік» ұғымы. Фразеологизмнің аударма бірлік ретінде ерекшеліктері. «Фразеологиялық сәйкестік» ұғымы. Фразеологиялық баламалар, ұқсастықтар, калькалар. Идиомалардың аударма бірлігі ретіндегі ерекшелігі. Мақал-мәтелдердің баламалары, ұқсастықтары, калькалары (мысалдар). Лексикалық өзгерту: а) формалды қайта жасау (транскрипция, транслитерация және калькалау), б) лексика-семантикалық ауыстырулар (нақтылау, жалпылау және модуляция). Грамматикалық өзгерту: нөлдік трансформация, сөйлемді бөлшектеу, сөйлемдерді біріктіру және грамматикалық алмастырулар. Лексикалық-грамматикалық өзгерту: антонимдік аударма, сипаттамалы (түсініктеме) аударма және компенсация. Психолингвистикалық класификация. Ауызба-ауыз, жазба-жазбаша, ауызша-жазбаша, жазбаша-ауызша аударма. Жазба-жазбаша аударма және ауызша-жазбаша аударма. Аударманың жанрлық-стилистикалық класификациясы. Ақпараттық, көркем аударма түрлері. Жазбаша-ауызша және ауызба-ауыз аударма. Ауызба-ауыз аударманың түрлері: біржақты аударма, екіжақты аударма, ілеспе аударма, ізбе-із аударма. Мәтін анықтамасы. Мәтіннің типологиясы және оның аудармадағы мағынасы. Көркем аударма ерекшеліктері және оның түрлері. Ақпараттық аударманың негізгі міндеттері және түрлері. Ресми-іскери, қоғамдық-ақпараттық, ғылыми және тұрмыстық аудармалар ерекшеліктері. Көркем мәтіндердің эстетикалық мәртебесі. Эмоционалды-эстетикалық ақпараттың жетекші рөлі. Аударма барысында көркем құралдар мен мазмұнының көлемін сақтау міндеті. Көркем мәтіндердің троптар мен сөз мәнерлеріне қанық болуы. Ақпараттық мәтіндердің жіктемесі. Түпнұсқа мәтін түріне қатысты аударма құралдарының тәуелділігі. Когнитивті ақпараттардың басым болуы. Ғылыми мәтіндердің академиялық және ғылыми-көпшілікке арналған мәтіндерге бөлінуі. Когнитивті ақпараттың басымдылығы. Аудармашының даярлық жұмысы. Ғылыми мәтіндердің терминдер мен арнаулы лексикаға қанық болуы. Мәтіндердің ресми-құжаттық және тұрмыстық-іскери мәтіндерге бөлінуі. Ресми-іскери стиль мәтіндерінің шаблондар (қалыптар) мен клишелерге қанық болуы. Аудармашының даярлық жұмысы. Публицистикалық мәтіндердегі когнитивті және эмоционалды ақпараттың бірігуі. Публицистикалық мәтіндерді аударма тәсілдерін анықтау үшін ауызша және жазбаша түрге бөлу. Публицистикалық мәтіндердің журналистік клишелерге қанық болуы.

Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктері (бейресмилік, дайындықтың жоқтығы, сұхбаттастық). Сөйлеу стилі мәтінінің төмен стильдік сөздер мен қысқартуларға қанық болуы. Когнитивті ақпараттан эмоционалды ақпараттың басым болуы. БАҚ мәтіндердің аударылу ерекшеліктері. Теледидарлық ақпараттық-жаңалықтық, компьютерлік мәтіндердің аударылу моделі. Аудармашылық трансформация түсінігі. Медиамәтіндер аудармасындағы трансформацияның кешенді түрін қолдану қажеттілігі. Мысалдар. Медиамәтін түсінігі. Медиамәтіндердің ерекшеліктері. Компьютерлік мәтіндегі гиперсілтемелер қанықтығы. Машиналық аударма анықтамасы. Шығу тарихы. Мысалдардағы машиналық аударманың артықшылықтары мен кемшіліктері.

«Аударма тарихы»

Қазақ көркем аудармасының қалыптасуына парсы, араб әдебиетінің және басқа да шығыс елдеріндегі аудармашылық дәстүрінің әсері. Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбергеновтың алғашқы аудармалары және олардың ерекшеліктері. Қазақ аударматануындағы түрлі кезеңдік ұстанымдар. Кеңестік замандағы және Тәуелсіз Қазақстандағы аударманың дамуы. Абай. М.Әуезов, К.Шангитбаев, Г.Мұқанов, Г.Бельгер, Ш.Мұртаза, С.Санбаев, М.Курманов, Б.Канапьянов және т.б. Қазақстанның үздік аудармашылары. М.Әуезов, Ә.Сатыбалдиев, З.Турарбеков және т.б. қазақ тіліндегі аударманың дамуына үлестері. Р.З.Загидуллин, А.Ж.Жақсылықов. А.Қ.Жұмабекова, т.б. Қазақстандағы заманауи аударматанушылар. Олардың концептілері және негізгі еңбектері. А.М.Алдашева және Ә.Тарақовтың аудармашылық тұжырымдамалары. Г.Белль. Х.М.Кальсада-Перес. Х.Ортега-и-Гассет. И.В.Гете. К.И. Чуковский және т.б. әлемнің үздік аудармашылары. Аударма туралы ғылымды құруға үлкен үлес қосқан Ресей ғалымдары (А.В.Федоров, В.Н.Комиссаров, А.Д.Швейцер, В.Г.Гак, Я.И.Рецкер, Р.К.Миньяр-Белоручев, Г.В.Чернов, Л.Л.Нелюбин, С.В.Тюленев, В.С. Виноградов, Н.К. Гарбовский. И.С. Алексеева және басқалары). М.Горькийдің бастамасы («Бүкіләлемдік әдебиет» баспасы). ХХ ғасырдың КСРО көрнекті өкілдер-аудармашылар М.Лозинский, Т.Щепкина-Куперник, С.Маршак, Н.Любимов, Е.Калашников, Л. Гинзбург, Б. Пастернак, Н.Тихонов т.б. Ресейде Петр дәуіріндегі шетел тілді мәтіндердің берілу ерекшеліктері. XVIII, XIX ғғ. орыс аудармасы. ХХ ғасырдағы орыс аударма ерекшеліктері. ХХ ғасырдағы ағылшын аударматануы (Т. Сэвори, Дж.Ферс, А.К.Хэллидей). Дж. Кэтфордтың аударма тұжырымдамасы. П.Ньюмарк. т.б. қазіргі Ұлыбританиялықтардың еңбектеріндегі аударма теориясының мәселелері. М.Снелл-Хорнбидің интегралдық тұжырымдамасы. Араб аударма дәстүрі. Қытайдағы т.б. Шығыс елдеріндегі аударма. ХХ ғасырдағы Американдық аударматану. Уорф, Касагранде, Якобсон, Найда. Ж.П.Вине, Ж. Дарбельненің аударма мәселесіне лингвистикалық көзқарасы. Ж. Мунэн. Интерпретативті аударма теориясының Д.Селескович, М. Ледерер, М. Перньенің, т.б. француз аударматанушылардың еңбектерінде дамуы. Канадада аударма тарихы кезеңдері. Канадалық көстілділік. Канадада аудармашылардың кәсіби бірлестіктері. Ж.Делил тұжырымдамасы. Аударма теориясы бойынша О.Каде, А.Нойберт, Г.Егер, т.б. Шығыс Германиядағы аударматанушылардың іргелі жұмыстары. К. Райс, В. Вилсс, Х. Крингс, т.б. Батыс Германиядағы аударматанушылардың еңбектері. А. Гуттың тұжырымдамасы. Ю.Хольц-Мянттяри, И.Вехмас және С.Тиркконен-Кондит, т.б. Скандинавиядағы аударматанушылардың зерттеулері. Ф. Гюттингер, А. Людсканов, Г. Тури, т.б. Швейцария, Болгария, Израильдегі аударматанушылардың зерттеулері. теориялық тұжырымдамалары. Э.Доле, А.Тайтлер, Т.Сэвори және т.б. алғашқы теоретик-аудармашылардың тұжырымдамалары.

Сондай-ақ, емтиханда шет (ағылшын)тілінен қазақ тіліне жазбаша аударма бойынша практикалық тапсырма беріледі.

Негізгі әдебиеттер

1. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. - М., 2011
2. BassnetS. Translation Studies. - L.& N.Y., 2013, - 208 p.

3. Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 288 б.

Қосымша әдебиеттер

1. Алексеева И.С. Профессиональный тренинг переводчика / Институт иностранных языков. - СПб., 2001.
2. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы, 1998.
3. Алимов В.В. Теория перевода. Перевод в сфере профессиональной коммуникации. - 4-е изд., испр. - М.: Эдиториал УРСС, 2006. - 160с.
4. Bell R.T. Translation and Translating: Theory and Practice. - L.& N.Y., 1995.
5. Бархударов Л.С. Язык и перевод: Вопросы общей и частной теории перевода. - 2-е изд. - М.: ЛКИ, 2008.
6. Бахтикиреева У.М. Переводоведение в Казахстане. Уч.-методич. пособие. - М.: Тезаурус, 2009.
7. Бельгер Г. Ода переводу. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
8. Беляева Л. Н. Теория и практика перевода: Учебное пособие. – СПб.: ООО «Книжный Дом», 2007.
9. Брандес М.П., Провоторов В.И. Предпереводческий анализ текста. - Курск: РОСИ, 1999.
10. Влахос С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М., 1980.
11. Виноградов В.С. Перевод: общие и лексические вопросы. – М., 2004.
12. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М., 2004.
13. Жаксылықов А.Ж. Художественный перевод и литературный процесс. Алматы, 2013
14. Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. Қарағанды, 1993
15. Загидуллин Р.З. Теоретические и методологические основы переводческого тезауруса. - Бишкек, 1993.
16. Казакова Т.А. Практические основы перевода. – СПб., 2000.
17. Катфорд Дж. К. Лингвистическая теория перевода: Об одном аспекте прикладной лингвистики. – М., 2004.
18. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода: проблемы переводоведения в освещении зарубежных ученых. - М., 1999.
19. Қазыбек Г. Аударматануға кіріспе. Алматы, 2003
20. Miram G.E., Daineko V.V. et al. Basic Translation: A Course of lectures on translation theory and practice. – Kyiv, 2002.
21. Newmark P. A Textbook of Translation. Library of Congress Cataloging-in-Publication Data. 1995.
22. Нелюбин Л.Л., Хухуни Г.Т. Наука о переводе: (История и теория с древнейших времен до наших дней). - М.: Флинта, 2006.
23. Пиввуева Ю.В., Двойнина Е.В. Пособие по теории перевода. – М., 2004.
24. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика: Очерки лингвистической теории перевода. - 2-е изд., стер. -М.: Р. Валент, 2007.
25. Семенов А.Л. Основные положения общей теории перевода. – М., 2004.
26. Тарақов Ә.С. Аударма психологиясы және мәдениеті. Алматы, 2005
27. Тюленев С.В. Теория перевода. – М., 2004.
28. Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус. Проблемы. Аспекты. -2-е изд. - М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009.
29. Zagidullin R.Z. Translation Studies in Kazakhstan: Cognitive-Communicative Approach // Translation: New Ideas for a New Century. - Vancouver, 2002.

Анықтамалық әдебиеттер

1. Routledge encyclopedia of translation studies. Edited by M. Baker. London - New York, 1998.
2. Основные понятия переводоведения (Отечественный опыт). Терминологический словарь-справочник / Отд. языкознания; Отв. редактор канд. филол. наук Раренко М.Б. - М., 2010.
3. Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. М., 2003
4. Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., 2012.
5. Қазақстандағы аударма теориясы мен практикасы. Библиографиялық көрсеткіш (2000-2010 жж.). – Құраст. Жұмабекова А.Қ., т.б. – Алматы: Тау Самал, 2010.